

Дәні бітік даланың дәулеті де артық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олар тәулігіне 33 тонна сүт өндіреді. Ендігі мақсат – мал басын 1500 басқа жеткізіп, күнделікті өндіріс көлемін 40 тоннаға дейін арттыру. Егістіктен алынған жемшөп пен фермадағы мал басы бір-бірін толықтырған жағдайда, ауыл шаруашылығындағы өндірістік тізбек те тұтастана түседі.

– Облыста сүт саласын дамытудың келешегі зор екенін көріп отырмыз. Бұл бағытты дамыту үшін жеңілдетілген несие беру бағдарламасы бар және кәсіпорындар оны пайдаланып келеді. Мұндай жобалардың маңызы зор. Алдағы уақытта олардың саны арта түседі деп ойлаймын. Осылайша импортты алмастыру және сүт зауыттарын өз өндірісіміздің шикізатымен қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарға қол жеткіземіз, – деді ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығы департаменті директорының орынбасары Қайрат Көшенов.

Осакаров ауданында агроөндірістің ауқымын кеңейтетін ірі жоба бой көтеріп келеді. «Евразия Инвест LTD» компаниясы сүт саласын дамытуға бағытталған кешенді жобаны жүзеге асырып, оған 30 млрд теңгеден астам инвестиция салуда. Родников ауылдық округінде жаңа сүт-тауар фермасының алғашқы кезеңі іске қосылып, өңірдің сүт өндірісіне жаңа қуат қосылды. Кәсіпорын толық қуатына шыққанда жылына 70 мың тоннадан астам өнім өндіруді жоспарлап отыр.

– Біз бие сүтін өңдеуден бастап, толық циклды көпсалалы холдингке дейінгі агро-өнеркәсіптік кластер құрып жатырмыз. Оның негізгі нысаны – сүт-тауар фермасы. Сауын сиырағ арналған 1 200 басқа есептелген алғашқы кезеңі іске қосылды. Қазір екінші кезеңінің құрылысы жүріп жатыр. 2027 жылы тағы 2 400 басқа арналған екінші кезең іске қосылады. 2028 жылы тағы 2400 басқа арналған үшінші кезеңнің құрылысы басталады. Нәтижесінде сауын сиыр саны 6 мың басқа жетеді. Төлдерді қоса есептегенде жалпы мал басы 15 мыңнан асады, – деді «Евразия Инвест LTD» ЖШС құрылтайшысы Иван Георгиади.

Мұндағы өндіріс үдерісі мал қорасынан басталып, дай-

ын өнімге дейінгі тұтас тізбекті қамтиды. Толштин-фриз тұқымды сиырлар заманауи талаптарға сай күтіледі. Кең қорларда малдың жем мен суға еркін қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Ал, төлдер күн сайын ветеринарлық бақылаудан өтіп, мамандардың жіті назарында болады. Мұның бәрі – сапалы сүт өндірудің басты шарттарының бірі. Кәсіпорынның өндірістік әлеуеті жер көлемімен де айқындалады. Компания иелігіндегі 56 мың гектар жердің 10 мың гектары – суармалы алқап. Қазір ферма жанынан жеке жемшөп базасы құрылып жатыр. Яғни, мал азығын тұрақты қамтамасыз етудің берік негізі қалануда.

Өндірілген өнімді сақтау мен өңдеуге дейінгі инфрақұрылым да қатар қалыптасып келеді. Астық пен майлы дақылдарға арналған 35 мың тонналық элеватор пайдалануға берілген. Алдағы уақытта оның сыйымдылығын 50 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланған. Мұндағы өндірістік үдерістер толық автоматтандырылған. Шикізаттың сапасын бақылау мен сертификаттау арнайы зертханада жүргізіледі. Көкөніс сақтау бағытында да ауқымды жұмыс атқарылууда. Сыйымдылығы 17 мың тонна болатын заманауи қойма салынып, пайдалануға берілген. Қазір тағы үш көкөніс қоймасының құрылысы жүріп жатыр. Олар іске қосылғанда сақтау қуаты тағы 35 мың тоннаға артады. Осылайша, мұнда мал шаруашылығы мен егіншілік өзара сабақтасып, жемшөптен бастап, өнімді сақтауға дейінгі біртұтас агроөндірістік жүйе қалыптасып келеді.

Иә, дала келбеті дөнімен дарқан. Туған жердің берекесі маңдай термен қоса ақыл мен іскерлік қатар жұмсалғанда еселене түседі. Комбайндар соңғы алқаптарды орып, элеваторларға жаңа астық құйылып жатқанда, өңірде келер жылдарға негіз қалануда. Жаңа фермалар, заманауи қоймалар, толық өндірістік циклге негізделген кешендер – соның айғағы. Бүгінгі мол өнім – жазғы аптап пен күзгі қарбаластың жемісі болса, ертеңгі өсім – министр мен шаруалар арасындағы келелі әңгімелер үстінде қабылданған шешімдердің нәтижесі дерміз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Инвестиция игілікті еселейді



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнда геологиялық үлгілерді қабылдау мен тіркеуден бастап, дайындау, химиялық және аспаптық талдау, сапаны бақылау және түпкілікті нәтижені қалыптастыруға дейінгі жұмыстар бір технологиялық тізбекке біріктіріледі. Зертхананың өндірістік нысандарға жақын орналасуы үлгілерді жеткізу уақытын қысқартып, қажетті зерттеулерді жедел жүргізуге мүмкіндік береді. Зертхана заманауи аналитикалық жабдықтармен жабдықталған. Олардың қатарында Agilent 5900 ICP-OES, атомдық-абсорбциялық спектрометрлер, ELTRA ELEMENTRAC элементтік анализаторлары және Bruker D6 Phase рентгендік дифрактометрі бар. Жобалық қуаты жылына 200 мыңға дейін геологиялық үлгіні өңдеп, зертханалық талдау жүргізуге есептелген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін ішкі сапаны бақылау жүйесі енгізіліп, зертхана ISO/IEC 17025 халықаралық стандарты талаптарына сәйкес аккредиттеуге дайындық жұмыстарын жүргізуде.

– ЖАНАЛАВ-тың басты мақсаты – геологиялық материалды зерттеудің барлық негізгі кезеңдерін бір жүйеге біріктіріп, өндіріс үшін жедел әрі сенімді аналитикалық нәтиже қалыптастыру. Заманауи жабдықтар мен кәсіби мамандардың әлеуетін ұштастыра отырып, зертхананың мүмкіндігін кезең-кезеңімен кеңейтуді көздеп отырмыз. Сонымен қатар, өңірдегі профильдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық арқылы жергілікті мамандардың кәсіби әлеуетін дамытуға да мән береміз. Бұл жоба зертханалық инфрақұрылымды күшейтіп қана қоймай, өндірістегі шешімдердің сапалы аналитикалық деректерге сүйенуіне мүмкіндік береді, – дейді «ЖАНА LAB» ЖШС директоры Базарбай Бакенов.

Ал, жыл соңына дейін тағы бірнеше ірі жобаны іске қосу жоспарланған. Солардың бірі – Тесіктас кен орнында құны 100 млрд теңге болатын мыс өндіретін кәсіпорын. Бұдан бөлек, 66 млрд теңгеге жылу оқшаулағыш материалдар өндірісі, 23,3 млрд теңгеге клинкер плиткасын шығаратын зауыт іске қосылмақ.

Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Газалиевтің мәліметінше, мұнда тағы бір маңызды мәселе бар. – Инвестиция тарту – ұзақ мерзімді жұмыс.



Сондықтан, қазір іске асыру кезеңіндегі жобаларды сүйемелдеу, проблемалық мәселелерді жедел шешу және жаңа инвесторлар үшін дайын жобалар пулын қалыптастыру маңызды. Бұл тұрғыда индустриялық аймақтардың рөлі де артып отыр. Балқашта туристік бағыттағы индустриялық аймақ жұмыс істейді. Мұнда құны 1,7 млрд теңге болатын Premium Villa Balkhash кешені іске қосылды, – деп атап өтті Асқар Арстанұлы.

Ал, Теміртауда индустриялық аймақ құру мәселесі қарастырылууда. Оның негізгі бағыты – көмір мен металлургиялық шикізатты терең өңдеу. Алдын ала жоспар бойынша мұнда жалпы құны 900 млрд теңгеден асатын сегіз жобаны орналастыру көзделген. Нәтижесінде 3 мыңнан астам жұмыс орны ашылуы мүмкін.

Егер бұл жоспар жүзеге асса, Теміртаудағы индустриялық алаң өңірдегі ірі инвестициялық хабтардың біріне айналуы ықтимал.

Өнімнен өңдеуге дейін

Инвестицияның екінші маңызды бағыты – агроөнеркәсіп кешені. 2026 жылы облыста ауыл

шаруашылығы саласында жалпы құны 76,9 млрд теңге болатын 42 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Нәтижесінде 450-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Инвестицияның ең үлкен үлесі мал шаруашылығына тиесілі. Мұнда 43,8 млрд теңгеге 18 жоба жүзеге асырылады. Өсімдік шаруашылығына 27,3 млрд теңгеге 17 жоба, ал, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге 5,7 млрд теңгеге жеті жоба жоспарланған. Бүгінде 9,9 млрд теңгенің алты жобасы іске қосылып, 101 адам жұмыспен қамтылды.

Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Төлібековтің ұсынған мәліметтерге қарағанда, биылғы аграрлық инвестицияның басты ерекшелігі – өндіріс көлемін арттырумен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісіне де басымдық берілуі.

Осакаров ауданында 1 200 басқа арналған жаңа сүт фермасының іске қосылуы – соның бір дәлелі. Жобаға 7,5 млрд теңге инвестиция салынып, 70 жұмыс орны ашылды.

Айта кетерлігі, ауыл шаруашылығы үшін өндірістің тұрақты болуы су мәселесіне де тікелей байланысты. Осы бағытта Абай, Нұра және Ақтоғай аудандарында жаңа суармалы алқаптар

іске қосылды. Шет ауданындағы картоп сақтау қоймасы жаңғыртылды. Яғни, инвестиция ауыл шаруашылығына өндірістің инфрақұрылымына да келіп жатыр.

Абай ауданында іске қосылған жаңа ет өңдеу кәсіпорны да осы үрдістің бір бөлігі. Мұнда мал сою және ет консервілерін шығару қолға қойылған. Жобаға 800 млн теңгеден астам инвестиция салынған.

Инвестиция көлемінің өсуі экономикалық нәтиже емес. Ең маңыздысы – оның қанша жаңа жұмыс орнына айналғаны, қанша өнім өндірілгені, қанша кәсіпорынның жергілікті компаниялармен кооперация құрғаны.

Ендігі міндет – осы қарқынды сақтап қалу. Инвестор үшін қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылымды уақытында жеткізу, жобаларды іске асыру кезінде туындайтын мәселелерді жедел шешу – инвестициялық саясаттың ажырамас бөлігі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

«Жаманнан жирен»

Жасөспірімдік шақ – адамның өмірлік ұстанымы қалыптасатын маңызды кезең. Осы уақытта орта ықпалына еріп, бір сәттік қызығушылықпен жасалған әрекет кейін орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан, жастарға зиянды әдеттердің зардабын ерте түсіндіру, олардың құқықтық сауатын арттыру – алдын алу жұмыстарының маңызды бағыты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы мақсатта Қарағанды қаласындағы Абай атындағы №104 мектеп-гимназиясында «Есірткі мен зиянды әдеттердің алдын алу» тақырыбында профилактикалық тренинг өтті.

Кездесуде оқушыларға есірткі құралдарын қолданудың зардабы, оның заңсыз айналымы үшін көзделген жауапкершілік және жастарды есірткі ортасына тартуға қарсы іс-қимыл тәсілдері түсіндірілді. Қарағанды облысы полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Бахытжан Мұстафаев осы мәселелерге тоқталып, жасөспірімдерге қауіпті ортадан аулақ болудың маңызын жеткізді.

Қазіргі таңда жастарды есірткі қылмысына тартудың бір жолы – интернеттегі күмәнді ұсыныстар. Осы мәселеге қатысты кездесуде Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасының бөлім прокуроры Ибрагим Токтасын да жастарға маңызды

ескерту жасады.

– Бүгінде есірткі таратушылар жастарды интернет пен мессенджерлер арқылы «курвер», «тасымалдаушы», «зақладчик» ретінде жұмысқа тартуға тырысады. Бір қарағанда, «Күніне 30-50 мың теңге табысың, тәжірибе қажет емес» деген ұсыныс оңай ақша сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, оның артында ауыр қылмыс тұруы ықтимал. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабына сәйкес есірткі заттарын заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Есірткіні қолданбағанын немесе тек апарып қойғанын сылтау ету жауапкершіліктен босатпайды. Бірнеше мың теңге үшін адам өзінің еркіндігі мен болашағынан айырылуы мүмкін. Сондықтан, күмәнді ұсынысқа ермей, бейтаныс адам тапсырған затты алмау және мұндай жағдай туралы ата-анаға, мұғалімге немесе құқық қорғау органдарына хабарлау қажет, – деді Ибрагим Токтасын.

Кездесудің негізгі ерекшелігі – оқушылардың өздері қатысқан форум-театр фор-



маты болды. Жасөспірімдер есірткі қолдану қаупі, құрдастарының теріс ықпалы және қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдау тақырыптарында көріністер қойды.

Форум-театр барысында оқушылар проблемалық жағдайлардан шығудың өз нұсқаларын ұсынып, қабылданған шешімдердің ықтимал салдарын бірге талқылады. Мұндай интерактивті формат жастардың белсенділігін арттырып қана

қоймай, сыни ойлауына, өз әрекетінің салдарын бағалауына және жауапты шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

– «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша біздің мектепте түрлі шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Саптық жиындардан бастап, сынып сағаттарына дейін балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлеміз. Басты мақсатымыз – заңды құрметтейтін, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, адамгер-



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайіпсіз Қазақстан үшін!

шілік құндылықтарды бағалайтын тұлға қалыптастыру. Осы бағытта ата-аналарды да тәрбие жұмысына тартып, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы арқылы қауіпсіздік мәселелеріне арналған кездесулер ұйымдастырамыз. Сонымен қатар, Оңтүстік-Шығыс полиция басқармасының қызметкерлері оқушыларға түрлі дәрістер өткізіп, құқықтық және профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді, – дейді Абай атындағы №104 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әсел Ерақынова.

Тренинг барысында оқушылар өмірде кездесуі мүмкін нақты жағдайларды талқылап, жағымсыз ықпалдан қорғану және денсаулығын сақтау бойынша практикалық ұсынымдар алды. Шара «Заң мен тәртіп» қағидатын ішкерілету аясында өтіп, жастар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталды. Мұндай кездесулердің мәні – жасөспірімге қауіптің алдын ала белгісін танып, дұрыс шешім қабылдауға бағыт беру. Есірткіден аулақ болу – тек жеке денсаулықты қорғау емес, өз болашағына жауапкершілікпен қарау.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет автордан

Медицинада жаңа модель

Қарағандыда алғашқы медициналық-санитариялық көмекті (МСАК) дамытуға бағытталған инвестициялық басымдықтар талқыланды. «Денсаулық сақтау саласына инвестициялар» тақырыбындағы дөңгелек үстелге Денсаулық сақтау министрлігінің, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, «Turar Healthcare» KEAҚ-ның, Қарағанды облысы әкімдігінің және денсаулық сақтау басқармасының өкілдері қатысты.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда жағдай қалай?

Кездесудің негізгі өзегі – медициналық нысандарды көбейту ғана емес, оларды халықтың нақты қажеттілігіне қарай жоспарлау. Себебі, тұрғын саны, демографиялық ахуал, сырқаттанушылық, көші-қон, аумақтың қашықтығы мен кадр тапшылығы секілді факторлар ескерілмесе, салынған нысанның өзі медициналық көмектің қолжетімділігін толық қамтамасыз ете алмайды.

Бүгінде облыста 1,1 миллионнан астам адам тұрады. Өңірдегі МСАК (медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету) ұйымдарының желісі 409 нысанды қамтиды. Алайда, олардың барлығы бірдей талапқа сай емес. Мәселен, 185 нысан немесе жалпы желінің 45,2 пайызы күрделі жөндеуді қажет етеді. Сонымен қатар, 180 нысанның тозу деңгейі 50 пайыздан жоғары. Ал, 70 елдімекенде МСАК нысаны мүлдем жоқ. Бұл шамамен 7,6 мың тұрғынның медициналық көмекке қолжетімділігіне әсер етеді. Мәселе мұнымен шектелмейді. Өңірде 131,25 дәрігерлік штат бірлігі көлемінде тапшылық бар. Оның 34,25 штат бірлігі ауылдық және аудандық МСАК нысандарына тиесілі. Әсіресе, Ақтоғай мен Қарқаралы аудандарында, сондай-ақ, Приозерск қаласында маман тапшылығы жоғары.

Халық санының өсуі де қолданыстағы медициналық ұйымдарға түсетін салмақты арттырып отыр. 2020-2025 жылдары облыс халқы 6,7 пайызға өскен. Қарағанды қаласындағы емханаларда жүктеме белгіленген нормадан 20-25 пайызға жоғары. 12 елдімекенде нақты жүктеме жобалық қуаттан 1,5 есесен астам асып кеткен. Алыс ауылдар үшін тағы бір өзекті мәселе – көлік қолжетімділігі. Облыстағы 174 елдімекенде тәулік бойы автокөлік қатынасы жоқ. Бұл әсіресе, шалғай елдімекен тұрғындары үшін медициналық көмекке уақытылы жетуі киындатады.

Сұраныс өзгерсе, жүйе де өзгеруі керек

Ұсынылған деректерге сүйенсек, 2035 жылға қарай облыс халқы 1,08 миллион адамға дейін азаюы мүмкін. Бұл – қазіргі көрсеткіштен 4,5 пайызға төмен. Ауыл халқының 27,7 пайызға дейін қысқаруы ықтимал.

Бір қарағанда халық саны азайса, медициналық ұйымдарға деген қажеттілік те төмендейтіндей көрінеді. Алайда, жағдай бұдан күрделірек. Болжам бойынша, 2035 жылға қарай сырқаттанушылық деңгейі 100 мың адамға шаққанда 66 мың жағдайға дейін өсуі мүмкін. Бұл – 2019 жылмен салыстырғанда 9,7 пайыздық өсім. Ал, медициналық ұйымдарға келушілер саны жылына шамамен 11,8 миллионға жетуі ықтимал. Бұл қазіргі көрсеткіштен 22 пайызға көп. Демек, мәселе халық санының азаюында ғана емес. Халықтың жас құрылымы, ауру түрлерінің өзгеруі, урбанизация, көші-қон және медициналық қызметтерге сұраныстың артуы да ескерілуі керек. Осыған байланысты жаңа жоспарлау жүйесінде бірнеше фактор қатар қарастырылады. Олар – халық саны мен оның болжамы, демографиялық ахуал, сырқаттанушылық, аумақтық қолжетімділік, халықтың нақты келу көрсеткіші және медициналық көмектің жаңа түрлері. Оның ішінде, телемедицина мен мобилді медициналық бригадалардың мүмкіндігі де ескеріледі.

Жаңа тәсіл бойынша медициналық нысанды салу немесе жаңғырту туралы шешім жеке қабылданбайды. Алдымен сол аумақта медициналық көмекке қаншалықты қажеттілік бар екені анықталады. Одан кейін қолданыстағы нысандардың қуаттылығы, тозу деңгейі, халыққа дейінгі қашықтығы, дәрігерлер мен орта буын мамандарының жеткіліксіздігі сараланады. Инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде де бірнеше өлшем ескеріледі. Оның ішінде демографиялық қажеттілікке 25 пайыз, эпидемиологиялық тәуекелге 15 пайыз, аумақтық қолжетімділікке 15 пайыз, инфрақұрылымның жағдайына 15 пайыз, әлеуметтік-экономикалық тиімділікке 15 пайыз, қадрлық қамтамасыз етуге 10 пайыз және нысанның маңыздылығына 5 пайыз салмақ беріледі.

Осылайша, қаржы алдымен медициналық көмекке қажеттілігі жоғары, инфрақұрылымдық алшақтығы мен тәуекелі көп аумақтарға бағытталамақ.

– Жақында бізге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен «Turar Healthcare» өкілдері келіп, ауданымызда кездесу өткізді. Біз оларға медициналық ұйымымыздың инфрақұрылымын көрсетіп, жұмыс барысымен таныстырдық. Кездесу барысында ДДСҰ мен «Turar Healthcare» тарапынан денсаулық

сақтау жүйесіне инвестиция салу жоспарланып отырғаны айтылды. Бұл инвестициялар жергілікті деңгейде шешу қиын болып отырған, соның ішінде, қаржыландыру тапшылығына байланысты жүзеге аспай келе жатқан мәселелерді шешуге бағытталмақ.

Екінші маңызды мәселе – инфрақұрылымды дамыту. Бізде медициналық ғимараттарға, оларды жөндеуге қатысты белгілі бір қажеттілік бар. Бұл мәселе де инвестициялық жобалар аясында қарастырылып, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға қолдау көрсетіледі, – деді Бұқар жырау аудандық ауруханасының директоры Қуандық Мұстафин.

2035 жылға жоспар бағыт

Қарағанды облысы бойынша 2035 жылға дейінгі болжамды қажеттілік те есептелген. Оған сәйкес, өңірде 43 жаңа МСАК нысанын салу қажет. Тағы 47 нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 138 нысанды жаңғырту немесе онтайландыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 217 медициналық ұйымды қосымша жабдықтау қажеттілігі анықталған.

Алдын ала есеп бойынша, 43 жаңа нысанның құрылысына 7,16 млрд теңге, күрделі жөндеу мен жаңғыртуға 5,75 млрд теңге қажет. Жалпы болжамды инвестиция көлемі 12,92 млрд теңгені құрайды. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 2035 жылға қарай 200 мыңнан астам адамның медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру көзделген. Сонымен бірге, қолданыстағы нысандарға түсетін жүктеме азайып, медициналық ұйымдар арасындағы халық ағынын тиімді бөлуге мүмкіндік туады.

Жалпы, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту енді тек жаңа ғимараттар салумен өлшенбейді. Басты мәселе – қай жерде, қандай нысан қажет екенін дәл анықтау. Халық саны өзгеріп, медициналық сұраныс артқан жағдайда жүйе де соған бейімделуі тиіс. Сондықтан, «алдымен қажеттілік – кейін инфрақұрылым» қағидаты өңірлік медицинаны жоспарлаудың негізгі ұстанымына айналмақ. Бұл тәсіл қаржыны тиімді жұмсаумен қатар, медициналық көмекті халыққа барынша жақындатуға бағытталған. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жоспар тек жалпы қажеттілікті анықтаумен шек-



телмейді. «Turar Healthcare» KEAҚ мамандары Қарағанды облысының әр ауданы бойынша инвестициялық портфель қалыптастырып, нақты нысандар мен олардың қаржылық қажеттілігін де есептеген.

Стратегиялық жоспарға сәйкес, облыста МСАК-ты дамыту бойынша 90 инвестициялық позиция қарастырылған. 2033 жылға дейінгі жалпы жобалық қажеттілік 12,92 млрд теңге көлемінде бағаланған. Оның ішінде 43 жаңа нысан салу және 47 нысанға күрделі жөндеу жүргізу көзделген. Инвестициялық портфельге Бұқар жырау, Осакаров, Нұра, Ақтоғай, Қарқаралы, Абай аудандары, сондай-ақ, Теміртау, Балқаш және Шахтинск қалаларындағы нысандар енгізілген.

Қаржыландыру да бірнеше кезеңге бөлінген. 2024-2026 жылдары шамамен 1,26 млрд теңге көлеміндегі бастапқы және дайындық жұмыстары жүргізілсе, негізгі инвестициялық кезең 2027-2029 жылдарға тиесілі. Бұл аралықта қажеттілік 6,55 млрд теңгені құрайды. 2030-2033 жылдары тағы 5,11 млрд теңге көлеміндегі жұмыстарды аяқтау жоспарланған. Мұндай жоспарлау тәсілі қаржыны бір мезетте жұмсаудан гөрі, жобаларды алдын ала дайындап, олардың құжаттамасын, сараптамаcын, техникалық жағдайын және жер мәселесін уақытында шешуге мүмкіндік береді. Өйткені, құрылыс басталғанға дейінгі дайындық сапасы кейінгі жұмыстың мерзімі мен құнына тікелей әсер етеді.

Инфрақұрылым да, кадр да қажет

Медицинадағы технологиялар мен қызмет көрсету тәсілдері өзгерген сайын медициналық ғимараттарға қойылатын талаптар да соған бейімделуі тиіс. Осы бағытта «Turar Healthcare» нормативтік-техникалық базаны жаңарту бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Қолданыстағы құрылыс нормаларының бір бөлігі 2014 жылдан бері айтарлықтай өзгермеген. Ал, бүгінгі медицинада МРТ, ПЭТ-КТ секілді күрделі диагностикалық жабдықтар, триаж жүйесі, ала мен баланың бірге болуына арналған палаталар, инфекциялық ағындарды оқшаулайтын фальс-боксстар сияқты жаңа шешімдер кенінен қолданылууда. Сондықтан, медициналық нысанды жобалау кезінде оның тек шаршы метрі емес, ішкі құрылымы мен медициналық технологияға сәйкестігі де маңызды.

Жаңа талаптардың тағы бір бағыты – артық шығынды қысқарту. Медициналық нысандарды жобалау барысында бұрыннан келе жатқан, қазіргі технологиялық процестерге сәйкес келмейтін кейбір талаптарды алып тастау арқылы қажетсіз алаңды азайтуға болады. Бұл құрылысқа ғана емес, кейінгі ғимаратты күтіп ұстауға жұмсалатын шығынға да әсер етеді. Сонымен қатар, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімді орта қалыптастыру, инфекциялық қауіпсіздікті күшейту, медициналық және басқа да ағындарды дұрыс бөлу мәселелері ескерілмек.

Сурет
ұйымдастырушылардан

ХАБАРЛАНДЫРУ

«GOK Sherubaі» ЖШС қоршаған ортаға теріс әсер ететін І санаттағы объектілерді салу және пайдалану үшін экологиялық рұқсаттарды (әсер етуге арналған экологиялық рұқсат, кешенді экологиялық рұқсат) алуға көзделген «GOK Sherubaі» ЖШС-нің көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын пайдалану кезеңіне арналған атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы; көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын пайдалану кезеңіне арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын салу, инфрақұрылым мен инженерлік коммуникацияларды салу кезеңіне арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын пайдалану кезеңіне арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы; көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын пайдалану кезеңіне арналған табиғи ортаға жол берілетін физикалық әсерлер нормативтерінің жобасы; көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын пайдалану кезеңіне арналған технологиялық нормативтер жобасы (технологиялық нормативтерді негіздеу); «Көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын салу және пайдалану, инфрақұрылым мен инженерлік коммуникацияларды салу» жобасына арналған Қоршаған ортаны қорғау бөлімі; көмір концентраты түріндегі байыту өнімдерін өндіретін байыту фабрикасын салу және пайдалану, инфрақұрылым мен инженерлік коммуникацияларды салу кезеңіне арналған атмосфералық ауаға ластанушы заттар шығарындыларының стационарлық көздерін түгендеу жобасы; 2026-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары жобалық құжаттаманы қару бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қ., (Абай қаласына аумақтық тұрғыдан жататын Қызыл бөлімшесі мен Волный бөлімшесінің маңында).

Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары:

- 1 нүкте – 49°40'13.96"С, 72°50'3.57"В;
- 2 нүкте – 49°40'13.06"С, 72°50'6.92"В;
- 3 нүкте – 49°40'0.78"С; 72°49'55.24"В;
- 4 нүкте – 49°40'4.23"С, 72°49'46.15"В;
- 5 нүкте – 49°40'11.62"С, 72°49'46.78"В;
- 6 нүкте – 49°40'2.84"С, 72°51'2.95"В;
- 7 нүкте – 49°39'57.36"С, 72°51'16.77"В;
- 8 нүкте – 49°39'56.41"С, 72°51'6.14"В;
- 9 нүкте – 49°40'19.19"С, 72°49'38.42"В;
- 10 нүкте – 49°39'51.48"С, 72°49'35.77"В;
- 11 нүкте – 49°39'38.03"С, 72°51'2.95"В.

Қоғамдық тыңдаулар: **2026 жылдың 23 казанында сағат 11:00-де**, Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қ., Абай көшесі, 26 үй, «Абай қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимаратының мәжіліс залы (2-қабат) мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Бастамашысы: «GOK Sherubaі» ЖШС, 100019, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Жәнібеков көшесі, 45 үй, БСН 240640015840, бас директор Тен Р.Л. бастамашының өкілі: Рең Т.А., Глухота С.В., тел. +7 747 373 80 63; e-mail: tkar2025@gmail.ru.

Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=ai94U3lrV29XTzlFaFYzQyYnY1N2U0T09&omn=87036188565>. Конференция идентификаторы: 3346648553; Кіру коды: 561750.

Жобалық материалдардың әзірлеушісі: «ГЗО «Биосфера Казахстан» ЖШС, 100012, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 2/12 ғимарат, БСН 071040007864, Өкілі: Цешковский В.М., байланыс: тел. 8(7212) 56-17-50, 94-05-58, 8(777) 487-14-15; e-mail: biosfera.krg@mail.ru, ceshkovskiy@bskz.kz.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz/> Ақпараттық жүйеде және «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты келесі мекенжай және телефон нөмірі бойынша сұрауға болады: Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 2/12 ғимарат, тел: 8(7212) 94-05-58, 8(777) 487-14-15; e-mail: ceshkovskiy@bskz.kz.

Жоба бойынша мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ expertiza.upr.krg@mail.ru және Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел. 8(7212) 56-81-66 мекенжайы бойынша, сондай-ақ <https://ndbecology.gov.kz> Ақпараттық жүйеде тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «GOK Sherubaі» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по рассмотрению проектной документации по строительству и эксплуатации объектов I категории, оказывающих негативное воздействие на окружающую среду, предусмотренной для получения экологических разрешений (экологическое разрешение на воздействие, комплексное экологическое разрешение): Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для эксплуатации обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата; Программа производственного экологического контроля для эксплуатации обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата; Программа производственного экологического контроля для строительства обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата, строительство инфраструктуры и инженерных коммуникаций; Программа управления отходами для эксплуатации обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата; Проект нормативов допустимых физических воздействий на природную среду для эксплуатации обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата; Программа производственного экологического контроля для строительства обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата, строительство инфраструктуры и инженерных коммуникаций; Проект инвентаризации стационарных источников выбросов загрязняющих веществ в атмосферный воздух для строительства и эксплуатации обогатительной фабрики с получением продуктов обогащения в виде угольного концентрата, строительство инфраструктуры и инженерных коммуникаций; План мероприятий по охране окружающей среды на период 2026-2027 годов ТОО «GOK Sherubaі».

Территория воздействия: Карагандинская область, Абайский район, г. Абай (близ от. Кызыл, от. Волный, территориально относящихся к г. Абай).

Географические координаты участка и территории воздействия:

- Точка 1 – 49°40'13.96"С, 72°50'3.57"В;
- Точка 2 – 49°40'13.06"С, 72°50'6.92"В;
- Точка 3 – 49°40'0.78"С; 72°49'55.24"В;
- Точка 4 – 49°40'4.23"С, 72°49'46.15"В;
- Точка 5 – 49°40'11.62"С, 72°49'46.78"В;
- Точка 6 – 49°40'2.84"С, 72°51'2.95"В;
- Точка 7 – 49°39'57.36"С, 72°51'16.77"В;
- Точка 8 – 49°39'56.41"С, 72°51'6.14"В;
- Точка 9 – 49°40'19.19"С, 72°49'38.42"В;
- Точка 10 – 49°39'51.48"С, 72°49'35.77"В;
- Точка 11 – 49°39'38.03"С, 72°51'2.95"В.

Общественные слушания состоятся: **23 октября 2026 года в 11:00 часов**, по адресу: Карагандинская область, Абайский район, г.Абай, ул.Абая, д.26, актовй зал (2 этаж) здания ГУ «Аппарат акима города Абай».

Регистрация участников осуществляется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Инициатор: ТОО «GOK Sherubaі», 100019, Карагандинская область, г.Караганда, район имени Казыбек би, улица Жанибекова, дом 45, БИН 240640015840, генеральный директор Тен Р.Л. представитель инициатора: Рең Т.А., Глухота С.В., тел. +7 747 373 80 63; e-mail: tkar2025@mail.ru.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=ai94U3lrV29XTzlFaFYzQyYnY1N2U0T09&omn=87036188565>. Идентификатор конференции: 3346648553; Код доступа: 561750.

Разработчик проектных материалов: ТОО «НИЦ «Биосфера Казахстан», 100012, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Терешковой, строение 2/12, БИН 071040007864, Представитель: Цешковский В.М., контакты: тел. 8(7212) 56-17-50, 94-05-58, 8(777) 487-14-15; e-mail: biosfera.krg@mail.ru, ceshkovskiy@bskz.kz.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться в Информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по адресу и номеру телефона: г.Караганда, ул. Терешковой, строение 2/12, тел: 8(7212) 94-05-58, 8(777) 487-14-15; e-mail: ceshkovskiy@bskz.kz.

Зачтения и предложения заинтересованной общественности по проектным материалам принимаются ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr.krg@mail.ru и г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел. 8 (7212) 56-81-66, а также в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz> в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения слушаний.

• ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

«Орталықтың» жанашыры еді

Ол газетте бір күн де істеген жоқ. Бірақ, газет шығарудың мың күндік мехнатын тартқан адам.

...Аты аңызға айналған қаламгер, «Редакторлардың редакторы» атанған Рамазан Сағымбеков ағамыздың асыл жары, рухани мұрасының шырақшысы, Арқа журналистерінің анасындай болған Роза Ыбырайымханқызы Жүкібаева 90 жасында өмірден озды.

Рамазан Сағымбеков – бір өзі бір мектепке айналған қайталанбас қаламгер, аса дарынды редактор, баспасөз тарихын зерттеген тарихшы. Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінде 1974-1982 жылдары бас редактор болып, Арқа журналистика-

сының тұтас бір буынын тәрбиеледі десе де болады.

Рамазан ағашығамашылықтың шығараланы мен сөз азабын қаншалықты көп тартса, аяулы жары Роза апай одан екі есе артық тартты. Өйткені, отағасының көңіл күйі, шығармашылық бабы, денсаулық жағдайы, бәрі-бәрі Роза ағамыздың мойнында еді. Қадам қайраткерінің қажырын еселеп, қам көңіліне шуақ сыйлаған, Рамазан ағаның барлық шәкірттерін баласындай еркелеткен Арқа журналистерінің анасы да бір дәуірдің жүгін арқалап өтті өмірден.

Біздерді «Рекеннің балалары» дейтін. Редакциямен байланысын үзген жоқ. Ара-тұра қоңырау ша-



лып, сәтті шыққан номерлерге пікір айтатын-ды. Кемшін тұстарымызды да ескеріп:

– Рекеннің балалары, қалдарың қалай? Менің Рекем төбеден қарап, «Орталығына» алаңдап жатады. Өздеріңнің Мағаш ағаларың да әр қадам, әр жазбаларыңды қадағалап тұрады. Олар – редакторлар ғой. Мүлт кетуге қақыларың жоқ, – дейтіні де бар еді.

Қараңызшы, мен бірінші рет Роза апай оқымайтын, ол кісі пікір айтпайтын азамана жазып отырмын.

4 қазан күні газеттің туған күнімен құттықтайтын адамдарымның саны бір адамға кеміді... Роза апайға қоңырау шала алмаймын... Қандай өкінішті?!

Бақұл болыңыз, Арқа журналистерінің анасы!

Ерсін МҰСАБЕК

• ФУТБОЛ

ALGA! жобасы – Балқашта

Биылғы жаңа оқу жылында Балқашта ALGA! жобасы өз жұмысын бастады. Бұдан былай мектептің 3-4 сынып оқушылары үшін арнайы футбол сабақтары өткізіледі. Осыған орай өткен демалыста Балқаштағы «Металлург» стадионында ALGA! жобасының ауқымды фестивалі өтті. Оған қала мектептері мен Ақтоғай, Шет ауданынан 10 мектептің 500-ден астам 3-4 сынып оқушысы қатысып, жасыл алаңда бас қосты. Аталған жобаның іске қосылуына орай облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей өзінің facebook парақшасында жазба қалдырып, қолдау білдірді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, ALGA! жобасының алғашқы фестивалі өткен жылы Саран қаласында ұйымдастырылып, оған 400-ге жуық оқушы қатысқан. Биыл жоба Балқашта жалғасын тауып, фестивальге қатысқан балалардың саны 500-ден асты. Осыған орай Әлібек Үсенұлы ALGA! жобасына деген қызығушылықтың артып, оның ауқымының кеңейіп келе жатқандығын атап өтті.

Бұл – өңірдегі футболды дамыту бағытындағы үлкен жұмыстың бір бөлігі. Алдымен футболға мүмкіндігінше көп баланы тартсақ деп отырмыз. Кейін солардың арасынан қызығушылығы мен қабілеті бар балаларға шеберлігін шыңдап, әрі қарай өсуіне жағдай жасаймыз. Қазір салынып жатқан футбол Академиясы – ауқымды жоспардың бір сатысы ғана, – делінген әлеуметтік желідегі парақшасында.

Фестивальдің негізгі бөлігі арнайы ұйымдастырылған футбол аймағында өтті. Нұсқаушылар

қатысушыларға оқу бағдарламасының мазмұнына сай арнайы жаттығу кешенін ұсынған. Оқушылар доппен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгеріп, техникалық тапсырмаларды орындады. Ал, нұсқаушылары балаларға бағыт-бағдар беріп, жаттығулардың орындалу тәртібін түсіндірді. Әдіс-тәсілдерді көрсетіп, доппен жүрудің қыр-сырын үйретті.

Біздің мақсат – балалардың футболға деген қызығушылығын арттырып, футболмен айналысуға деген ынтасын ояту. Сондықтан, мұнда біреу жеңді, біреу жеңілді деген жоқ. Барлығы тең дәрежеде тапсырмаларды орындап, доппен жұмыс істейді. Кейбір жаттығулар арнайы ойын форматында жасалған. Балаларға түсінікті формат арқылы біз оларды біртіндеп доппен жұмыс істеуге үйреттік. Сонымен қатар, мұғалімдерге UEFA стандарттарына сәйкес алты жастан он жасқа дейінгі балаларға арналған тапсырмалар базасы қолжетімді, – делі QOFA әлеуметтік жобалар бөлімінің маманы Ғалымжан Зәдешұлы.

Негізгі футбол бағдарламасынан бөлек, алаңның айналасында қосымша ойын аймақтары ұйымдастырылды. Балалар үшін 20 футбол станциясы дайындалған. Қатысушылар екі топқа бөлініп, топпен жұмыс істеді. Бағдарламаға сабсоккер, Wind Ball, «Нысанаға дәл тигіз», футбол дартсы, пенальти, қорнхол және басқа да қызықты ойын түрлері енгізілген. Әр тапсырма балалардың дәлдігін, ептілігін, шапшаңдығын сынап, футбол фестивалін қызықты өткізді.

Қатысушылар екі топқа бөлініп, топпен жұмыс істеді. Әр тапсырма балалардың дәлдігін, ептілігін, шапшаңдығын сынап, футбол фестивалін қызықты өткізді.

Жаңа оқу жылында ALGA! жобасы Қарағанды облысындағы ауқымын одан әрі кеңейтіп, балаларға футболмен тұрақты айналысуға, спортқа жақын болуға және белсенді өмір салтын қалыптастыруға жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр.

Сурет QOFA

Тағы үш ұпай еншіледі

Қазақстан Бірінші лига ойындарының 22 турында қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда оралдық «Жайық» клубымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін жерлестер оралдықтарды өз алаңында 3:0 есебімен жеңген болатын. Қарымта кездесуде де қарағандылықтар қарсыласына мүмкіндік бермей, басымдықтарын сақтап қалды.

Кездесудің 25-ші минутында «Шахтер» есеп ашты. Қарсыластың айып алаңында шабуылшы Артем Литовш қорғаушылардың арасынан Рифат Нұрмұхамбетке дәл пас шығарып берген. Ол болса, әріптесінің пасын сәтті пайдаланып, есепті 1:0-ге жеткізді. Алайда, араға екі минут салып, қақпаларына гол жіберіп алды. Қарсылас шабуылшысы Ислам Амангелдиев айып добын орындап, допты қақпаға бағыттаған. Бірақ, доп қорғаушыларға тиіп, орталық қорғаушы Бауыржан Омаровтың аяғына түскен. Бауыржан



Турнир кестесі
ҚРЧ. Бірінші лига. 22-тур

Ор.	Клуб	Ой.	Ұт.	Т	Ж	Д/а	Ұп.
1	«Шахтер»	22	20	1	1	64-8	61
2	«Қайрат-Жастар»	22	16	5	1	64-12	53
3	«Тұран»	22	15	2	5	47-20	47
4	«Академия Оңтүстік»	22	13	3	6	36-27	42
5	«Жайық»	22	9	3	10	21-26	30
6	«Астана Ж»	22	9	3	10	35-42	30
7	«Тараз»	22	8	5	9	30-32	29
8	«Батыр»	22	7	5	10	30-46	26
9	«Каспий Ж»	22	7	4	11	29-38	25
10	«Хан-Тәңірі»	22	7	4	11	29-42	25
11	«Ақтөбе-Ж»	22	6	5	11	37-65	23
12	«Арыс»	22	6	3	13	25-42	21
13	«Тобыл»	22	3	4	15	37-57	13
14	«Елімай Ж»	22	3	3	16	16-43	12

осы сәтті пайдаланып қақпаға алыстан соққы жасайды. Жасаған соққы «Шахтер» қорғаушысы Қасымжан Таиповке тиіп, бағытын өзгертіп, қақпаторынан бір-ақ шықты. Өкініш

ке қарай, қақпашы Игорь Шацкйдің бұл соққыны қайтаруға мүмкіндігі болмады. Ойынның 27-ші минутында қарсылас команда таразы басын теңестіріп, бірінші айналымды 1:1 есебімен аяқтайды.

Ойынның 56-шы минутын да жерлестер қайта шабуылға көшті. Осы тұста қорғаушы Александр Мигунов алаң ортасында жүрген әріптесі Диас Қалыбаевқа әуелете пас асырған. Тәжірибелі Диас өзіне келген допты бірден қақпаға бағыттап, жеңіс голын соқты. Осылайша, қарағандылықтар сырт алаңнан кезекті үш ұпайын еншілеп, қатарынан 15 ойында жеңіліссіз сериясын жалғастырып келеді.

Енді жерлестер 17-қыркүйекте өз алаңында «Таразды», 8-қазанда «Оңтүстік Академиясын» қабылдайды. 16-қазанда сырт алаңда «Тұранмен» кездессе, Бірінші лигадағы соңғы матчта алматылық «Қайрат» жастарымен ойнайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КЕШ

Сәлімбаевтың сәулелі ғұмыры

Биыл қазақ театр өнерінің қажырлы қайраткері Аманжол Сәлімбаевтың туғанына – 90 жыл. Театр тарланының мерейтойына орай Сәкен театрында сахна сандағын еске алу кеші өтті. Кешке театр аңызының туған-туыстары мен зиялы қауым өкілдері жиналды. Сәкен театрының актерлері Аманжол Сәлімбаевтың өнегелі ғұмырынан сыр шертетін қойылым қойды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аманжол Сәлімбаев 1960 жылы арнайы жолдамамен Сәкен театрына қызметке келеді. Ол кезде театр музыкалық драма театры ретінде жұмыс істеп, жаңа келген жас актерлердің көпшілігі әншілік және музыкалық қабілетімен ерекшеленді. Жас актерлерге жауапты рөлдер сеніп тапсырылды. «Қыз Жібек» спектаклінде Аманжол Сәлімбаев Төлеген образын сомдап, актерлік шеберлігімен көрермен ықыласына бөленді. Сондай-ақ, Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуі» шығармасында Досым бейнесін, Бәкір Тәжібаевтың «Ана жүрегі» спектаклінде Арман рөлін сәтті сомдады. Әсіресе,



оның актерлік шеберлігімен қатар, табиғи әншілік дарыны да ерекше бағаланды. Алайда, жүрегінің түпкірінде режиссер болу арманы жатқан еді. 1964 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның режиссерлік факультетіне оқуға түсіп, бес жылдан кейін оқуын тәмамдайды. Жоғары білім алып, режиссер мамандығын игерген Аманжол Сәлімбаев өзінің өнердегі алғашқы жолын бастаған Сәкен театрына қайта оралды. Мұнда Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» драмасын

сахналап, режиссер ретінде алғашқы үлкен табысына қол жеткізді. 1974-1975 жылдары Мәскеуге білімін жетілдіруге жіберіліп, ірі театрлардың жұмысымен танысып, тәжірибесін шыңдайды. Кейін талантты режиссер Жамбыл облыстық драма театрына бас режиссер болып тағайындалды. Алты жылдан астам уақыт ішінде Қ.Мұқашевтың «Парторг», Б.Лавреневтің «Күйреу», Ш.Құмаровтың «Сүйікті ақбас шалдарым», Р. Мамушвилидің «Асыл ана», М.Әуезовтің «Қаракөз»,

Д.Исабековтің «Өпке», А.Петрашкевичтің «Дабыл», Ш.Елеуеновтің «Емтихан», Ш.Мұртазаның «Қара маржан», Қ.Мұхамеджановтың «Қайдасың, Қайдарбек?» сияқты көптеген спектакльдерге өмір сыйлады. Әсіресе, «Қаракөз» бен «Өпке» қойылымдары қазақ театр өнеріндегі шоқтығы биік туындылардың қатарынан орын алды.

1983 жылы Аманжол Сәлімбаев Сәкен театрына қайта оралды. Мұнда Е.Домбаевтың «Біздің ауылда қызықтар бола береді» комедиясы мен М.Ақынжановтың «Алтын сақа» ертегісін сахналады. Бұл қойылымдар оның режиссерлік қызметіндегі соңғы еңбектері болды. Актерлермен тіл табысып, шығармашылық ортада үлкен із қалдырған режиссердің еңбегін көрермен қауым жоғары бағалады.

Кеш барысында Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков Аманжол Сәлімбаевтың асқақ болмысы туралы жылы естелігімен бөлісті.

Алдымен көзге түсетіні – кішіпейілділігі мен адамгершілігі және қасиеті өнерге деген адалдығы еді. Досқа да адал болды. Ол – актер, режиссер ғана емес, ғаламат әнші. Бәкір Тәжібаевтың «Ана жүрегі» спектаклінде Арманның рөлін ойнады. Сонда Арман майданға аттанады. Ал, соңында қалған жары оны

күтпей, басқа біреуге көңілі ауып кетеді. Майданнан балдақпен оралған Арман жарына жалт бұрылып, «Сен менің арманым, асылымсың» деп шырқағанда, бүкіл көрермен көзіне жас алған. Сол көрініс – әлі күнге дейін көз алдымда, сол үн – әлі күнге дейін жүрегімде. Міне, ол сондай керемет талант иесі еді, – деді Кеңес Жұмабеков.

Аманжол Сәлімбаевтың асыл жары Баян Нұрланқызы да еске алу кешіне келді. Ол құдай қосқан қосағының жарқын бейнесін сағынышпен еске алды.

Оның жаны сондай нәзік еді. Екеуіміз қосылғаннан бері маған бір рет болсын қабақ шытып, дауыс көтеріп көрген емес. Мінезі жібектей еді. Танертен мені әнмен оятып, әнмен ұйықтататын. Балаларына мейірімді әке болды. Өнерге деген махаббаты мен отбасына, достарына нұр шашып тұратын. Артық туған жан еді, шіркін! – деп тебіренді асыл жары.

Қойылымда Аманжол Сәлімбаевтың бозбала шағы суреттелді. Көрермен көкірегіне ұя салған арман құсының соңынан еру үшін талай құрбандыққа барған жас Аманжолдың жан әлеміне үңілді.

Сурет театрың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымыз 3 250
№101 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**